

«Келісемін» Аманжол

Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеттің әдіскері Н.Аманкелдіқызы



Б. Әбілғазықов атындағы №88 орта мектеп директоры К.Кожалепесов
31.08.2022ж.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы

2022-2023 оқу жылы

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
- әрбір білім алушыға жеке психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде психодиагностикалық қызмет көрсету;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін тандауда аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысан
I. Диагностикалау						
1.	Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: «Керн-Йирасек» тесті 1)Адамның суретін салу 2)Сөздер көшірмесі 3)Нүктелер көшірмесі	Психодиагностика	1-сынып	Қыркүйек Желтоқсан		Анықтама
2.	<i>Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу;</i> Жүргізілетін әдістеме: 1.«Менің сыныбым» әдістемесі 2.Филлипстің мектептегі қобалжуды анықтауға арналған сауалнамасы	Психодиагностика	5-сынып	Қыркүйек Желтоқсан		Анықтама
3.	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау Жүргізілетін әдістеме: DASS шкаласы NCB-10 тесті	Психодиагностика	5-11 сынып	Қазан		Анықтама
4.	Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары Әсесі: «Өзіңді мақта» /5 сынып/	Психодиагностика	5-11 сынып	Қараша		Анықтама

	«Менің армандарым» /6 сынып/ «Менің өмірім» /7 сынып/ «Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/ «Мен өзгертім келеді» /9 сынып/ «Мен таңдаған өмір» /10 сынып/ «Болашаққа хат» /11 сынып/					
5.	Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау.	Психодиагностика	5-7 сынып	Қараша		Анықтама
6.	Темперамент типін анықтау «Сіздің темпераментіңіз» тесті (А. Белов)	Психодиагностика	1-11 сынып	Қараша		Анықтама
7.	«Социометрия» әдістемесі Дж. Морено	Психодиагностика	5-11 сынып	Қараша		Анықтама
8.	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау (зейін, ес, қиял, ойлау т.б)	Психодиагностика	2-4 сынып	Желтоқсан		Анықтама
9.	«Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау» тест-сұрақшасы	Психодиагностика	5-9 сынып	Қаңтар		Анықтама
10.	Оқушылармен кәсіптік бағдар беру барысында оқушылардан сауалнама алу Д.Голландтың кәсіби-тұлғалық типін анықтау тестісі. Голомшток әдістемесі бойынша қызығушылық картасы	Психодиагностика	9,11 сынып	Қаңтар		Анықтама
11.	Педагогтардың кәсіби-тұлғалық	Психодиагностика	Мүғалімдер	Ақпан		Анықтама

	ерекшеліктерін және эмоционалды-еріктік аймағын диагностикалау						
12.	Сұраныс негізінде ата-аналарға арналған диагностикалық жұмыстар	Психодиагностика	Ата-ана	Кезінде			Анықтама
13.	Оқушылардың психикалық саулығын бағалау шкаласы: 1.Э. Ховард бойынша стресске төзімділік тесті 2.Dass шкаласы	Психодиагностика	5-11 сынып	Наурыз			Анықтама
14.	«Профиль» әдістемесі	Психодиагностика	9-сынып	Сәуір			Анықтама
15.	Ф. Татл және Л.Беккер «Балалардың бейімділігінің мүмкіншілігін және дарындылығын анықтау» /мұғалім/ «Баланың дарындылығын анықтау» /ата-ана/	Психодиагностика	Пән мұғалімдері Ата-ана				Анықтама
16.	«Жануарлар мектебі»	Психодиагностика	МАД	Мамыр			Анықтама
17.	Кешенді тест қорытындысы негізінде жеке проективті әдістемелерді жүргізу	Психодиагностика	5-11 сынып	Кезінде			Анықтама
II. Түзету-дамыту жұмысы							
1.	Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық сабақтар	Психологиялық сабақ /тренинг/	1-сынып оқушылары	Қыркүйек-желтоқсан			Анықтама
2.	Бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға	Психологиялық сабақ /тренинг/	5-сынып оқушылары	Қыркүйек-желтоқсан			Анықтама

өту кезіндегі психологиялық сабақтар	бейімделуіне	Психологиялық сабақ /тренинг/	11-сынып оқушылары	Қыркүйек-мамыр		Анықтама
3.	Мектеп бітіруші 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақтар	Психологиялық сабақ /тренинг/	11-сынып оқушылары	Қыркүйек-мамыр		Анықтама
4.	PIRLS Халықаралық зерттеуіне қатысушы оқушылармен жүргізілетін психологиялық сабақтар	Психологиялық сабақ /тренинг/	PIRLS Халықаралық зерттеуіне қатысушы оқушылар	Қыркүйек-мамыр		Анықтама
5.	PISA Халықаралық зерттеуіне қатысушы оқушылармен жүргізілетін психологиялық сабақтар	Психологиялық сабақ /тренинг/	PISA Халықаралық зерттеуіне қатысушы оқушылар	Қыркүйек-мамыр		Анықтама
6.	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін түзету-дамыту жаттығулары	Ойын жаттығулары	1-4 сынып оқушылары	Желтоқсан		Анықтама
7.	9-сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беруге арналған психологиялық сабақтар	Психологиялық сабақ /тренинг/	9-сынып	Қаңтар		Анықтама
8.	Аудодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуда психокоррекциялық сабақтар	Психологиялық сабақ /тренинг/	5-11 сынып	Қараша – мамыр		Анықтама
9.	Ерекше бақылауды қажет ететін оқушылармен жүргізілетін	Психологиялық сабақ /тренинг/	Ерекше бақылауды	Қыркүйек-мамыр		Анықтама

	психологиялық сабақтар		қажет ететін оқушылар			
10.	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін психологиялық сабақтар	Психологиялық сабақ /тренинг/	Үлгерімі төмен оқушылар	Қазан-мамыр		Анықтама
11.	Қабілеті жоғары оқушылармен жүргізілетін психологиялық сабақтар	Психологиялық сабақ /тренинг/	Қабілеті жоғары оқушылар	Қыркүйек-мамыр		Анықтама
12.	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу сабақтары	Психологиялық сабақ /тренинг/	ЕББҚБ оқушылар	Қыркүйек-мамыр		Анықтама
13.	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың және суицидтің алдын алуға арналған бірлескен жұмыстар атқару	Бірлескен жұмыстар	1-11 сыныптар	Қыркүйек-мамыр		Анықтама
14.	Жеткіншектердің қарым-қатынас дағдыларын дамыту сабақтары	Психологиялық сабақ /тренинг/	5-7 сынып	Ақпан – наурыз		Анықтама
15.	Мектепалды даярлық топ оқушыларына танымдық үдерістерін дамыту сабақтары	Психологиялық сабақ /тренинг/	МАД	Жарты жылдықта 1 рет		Анықтама
III. Консультация беру						
1.	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ата-аналары мен пән мұғалімдерін психологиялық сүйемелдеу	Кенес беру	ЕББҚ оқушылардың ата-аналары мен пән мұғалімдері	Қыркүйек		Анықтама
2.	Жасөспірімнің психикалық	Кенес беру	5-11 сынып	Қазан -		Кенес беру журналына

	саулығын бағалау шкаласы бойынша «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау;			қараша		журналына тіркеу
3.	Сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру	Мұғалім, ата-ана, оқушы	Кезінде		Кеңес беру журналына тіркеу
IV. Профилактика және психологиялық ағарту						
1.	«Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі»	Ата-аналарды ақпараттандыру	1-сынып ата-аналары	Қыркүйек		Хаттама
2.	«Балалар үшін бірігейік» ата-аналарды ақпараттандыру	Жаднама тарату	5-11 сынып ата-аналары	Қыркүйек		Қорытынды есебі
3.	Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу	Келісім парағы	1-11 сынып ата-аналары	Қыркүйек		Келісім парағын жинақтау
4.	Кәмелеттік жасқа толмағандардың аутодеструктивті мінез-құқының алдын алуда ата-аналарды хабардар ету жұмыстарын жүргізіп, психологиялық жұмыс жүргізу мақсатында келісімін алу	Ата-аналарды ақпараттандыру	Ата-аналар	Қыркүйек		Хаттама
5.	Жасөспірімдердің	Дәріс сабақ	Сынып	Қазан		Хаттама

	аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға сынып жетекшілеріне дәріс сабақтарын жүргізу		жетекшілері			
6.	«5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері»	Ата-аналарды ақпараттандыру	5-сынып ата-аналары	Қазан		
7.	«Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік»	Семинар-тренинг	6-8 сынып оқушылары, ата-аналары	Қараша		Анықтама
8.	«Эмоционалды интеллект: Оқушы түсінігі, EQ белгілері»	Семинар –тренинг	9-11 сыныптар	Желтоқсан		Анықтама
9.	TedX: «Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?»	Семинар-тренинг	8-10 сыныптар	Желтоқсан		Анықтама
10.	Әлеуметтік тұрғыда жағдайы төмен отбасы балаларын психологиялық қолдау (өгей әке, анамен, ӨҚЖ оқушылардың отбасымен байланыс жасау)	Зерделеу жұмысы	1-11 сынып оқушылары	Қаңтар		Акт толтыру Анықтама
11.	«Сіздің балаңыз үшін мамандықты кім таңдайды?»	Кездесу Семинар –тренинг	9,11 сынып ата-аналары	Ақпан		Анықтама
12.	Психология – жүректің сыры, көздің нуры	Апталық	1-11 сыныптар	Ақпан		Анықтама
13.	Жеткіншектердің қарым-қатынас дағдыларын дамыту сабақтары: «Көңіл күйінді көтеріп, қуана біл!» тақырыбында дәріс сабақтары	Ақпараттандыру	Оқушылар	Ақпан/наурыз		Хаттама
14.	«Отбасындағы әлеуметтік – психологиялық атмосфераны	Ата-аналармен кездесу	Ата-ана	Сәуір		Анықтама

реттеу және нығайту жолдары»						
У. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс						
1.	1.1. Психологиялық қызмет құжаттарын дайындау 1.2. Бала дамуының психологиялық картасын толтыру 1.3. Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесін жасау		1-11 сынып оқушылары, ата-ана	Тамыз – қыркүйек		
2.	Қадағалауды қажет ететін оқушылар тізімін жинақтау, есепке алу (тәрбиеге қиындық келтіретін оқушы, әлеуметтік жағдайына байланысты, сұраныс негізінде және т.б.)			Жыл бойы		
3.	Психикалық саулықты сақтау және нығайту дағдылары	Тренингтік сағат	5-7 сынып оқушылары	Қараша	ЖДО психолог мамандарымен бірлескен жұмыс	Хаттама
4.	«Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасу» айдары (Мамандық таңдау)	Кездесу Тренингтік сағат	9-10 сынып	Ақпан	ҚМУ, Колледж оқытушылары	Анықтама
5.	Жаңа денсаулық орталығының мамандарымен кездесу ұйымдастыру (психолог маманмен)	Семинар -тренинг	8-10 сынып	Сәуір	ЖДО психолог мамандарымен бірлескен жұмыс	Хаттама
ҮІ. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер						
1.	Педагогикалық кеңесте,		1-11 сынып,	Жыл бойы		Хаттама

	директор жанындағы кеңестерде қаралатын мәселелер бойынша жұмыстар		ата-ана, мұғалімдер			
2.	2022-2023 оқу жылының аналитикалық және статистикалық есебі			Мамыр		Есеп
3.	2023-2024 оқу жылына перспективалық жоспар құру			Маусым		Жоспарды құру

№88 мектеп психологі:  Қ.Абдулла

**2022-2023 оқу жылындағы Б.Әбдіразақов атындағы №88 орта
мектептің психологиялық қызмет орталығының атқарған
жұмыстарына АНЫҚТАМА**

Психологиялық қызмет орталығының жұмыс жоспарына сәйкес тамыз – қыркүйек айларында психологиялық қызмет орталығының құжаттары дайындалып, бұйрықтар шығарылды. Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі жасалды.

Тәрбие орталығымен, әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып, қадағалауды қажет ететін және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларындағы оқушыларды анықтау, есепке алу жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айында психологиялық қызмет орталығының жұмыс жоспарына және сұранысқа сәйкес оқушыларға жүргізілетін психодиагностика, психокоррекциялық жұмыстарға 1-11 сынып оқушылары ата-аналарынан жазбаша рұқсат қолхаты алынды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынсарлар, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілермен бірлесе отырып 1-11 сынып оқушылары ата-аналарына жалпы жиналыс жасалып «Кәмелеттік жасқа толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу» жұмыстарымен ата-аналарды ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Қатысқан ата-ана саны – 78.

«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» атты мектеп мұғалімдеріне топтық кеңес берілді. Қатысқан мұғалімдер саны – 35.

«Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету жолдары» тақырыбында ата-аналарға топтық кеңес берілді. Қатысқан ата-ана саны – 35.

1 сынып оқушыларын мектепке қабылдау, әлеуметтік – психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында Р.С.Немов «Баланың қоршаған дүниені бағдарлай алуын және тұрмыстық білім қорын анықтау» және Керн-Иерасек әдістемелері жүргізілді. Қатысқан оқушы саны – 37.

Әдістеме қорытындысы бойынша сынып жетекшіге, ата – аналарға кеңестер берілді. Сонымен қатар оқушыларға қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған түзете-дамытушылық бағытта психологиялық ойын, жаттығулар өткізілді.

Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі, Филлипстің мектептегі қобалжуды анықтауға арналған сауалнамасы жүргізілді. Қатысқан оқушы саны – 33.

5 сынып оқушыларын орта буынға бейімдеу мақсатында «Бесінші сынып дегеніміз не?», тақырыбында 5 сынып оқушыларына түзете-дамытушылық бағытта тренинг жүргізілді. Қатысқан оқушы саны – 34.

8 сынып оқушыларына қарым-қатынасты дамытуға бағытталған жаттығулар жүргізіліп, топтық және жеке кеңестер берілді. Қатысқан оқушы саны – 37.

11 сынып оқушыларына ҰБТ-ның жалпы ережелерімен таныстыру және өзіндік сенімділік жағдайларын қалыптастыру мақсатында «ҰБТ

дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» атты түзете-дамытушылық бағытта тренинг жүргізіліп, кеңестер берілді. Тренингке 20 оқушы қатысты.

Қазан айында 5-11 сынып оқушыларына жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау мақсатында «НСВ-10» тесті, «DASS шкаласы» әдістемесі жүргізілді. Бұл психодиагностикалық жұмысқа 245 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесі бойынша «Тәуекел тобына» 4 оқушы, «Психологиялық қолдау тобына» 3 оқушы алынды. Оқушылармен сұхбат жүргізіліп, ата-анаға тиісті ақпараттар мен кеңестер берілді. «Тәуекел тобына» алынған оқушыларға жылдың аяғына дейін жұмыс жоспары жасалып жұмыстар жүргізілуде.

1 сынып оқушыларына зейінді дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді. Қатысқан оқушы саны – 37.

5 сынып оқушыларына «Біздің мұғалімдеріміз», «Орта мектептегі жаңа оқушы» атты түзете-дамытушылық бағытта психологиялық бейімдеу сабақтары өткізілді. Тренингке қатысқан оқушы саны – 34.

«Оқушыны 5-сыныпқа бейімдеу жолдары» тақырыбында 5 сынып пән мұғалімдеріне топтық кеңес берілді. Қатысқан мұғалімдер саны – 14.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағытында 6 сынып оқушыларына «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» және «Пікірталас – жанжал емес» атты 7-8 сынып оқушыларына тренинг жүргізілді. Тренингтерге қатысқан оқушы саны – 115.

11 сынып оқушыларының өзіне деген сенімділігін жоғарылату мақсатында «Бәрі сенің қолыңда» атты тренинг өткізілді.

Қараша айында оқушының психологиялық саулығын бағалау мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан «Өзінді мақта» /5 сынып/, «Менің армандарым» /6 сынып/, «Менің өмірім» /7 сынып/, «Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/, «Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/, «Мен таңдаған өмір» /10 сынып/, «Болашаққа хат» /11 сынып/ тақырыптарында эссе алынды. Эссе жазған 218 оқушы болды. Эссе қорытындысы бойынша «Психологиялық қолдау тобына» шыққан оқушылар болған жоқ.

5-7 сынып оқушыларына Н.Г.Лусканованың «Оқу мотивациясын тексеруге» арналған әдістемесі жүргізіліп, қорытындысы шығарылды. Әдістеменің мақсаты Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. Қатысқан оқушы саны – 111.

1 сынып оқушыларына есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді.

2-10 сыныптың сынып жетекшілерімен бірлесе отырып мектептегі бақылау арқылы оқушының темперамент типін анықтау диагностикасы жүргізілді. Диагностикаға қатысқан оқушы саны – 345.

Дж.Мореноның сынып ұжымындағы оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасын анықтауға бағытталған «Социометрия» әдістемесі 5-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Қатысқан оқушы саны – 239. Диагностика нәтижесі бойынша жеке және топтық кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Әр сыныптар бойынша бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 3-4 сынып оқушыларына «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» атты тренинг өткізілді. Қатысқан оқушы саны – 81.

«Біз бір-бірімізді түсінеміз ба?» атты 5 сынып оқушыларына тренинг жүргізілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 5 сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтай аламын» атты тренинг және 7-10 сынып оқушыларына «Стресстен арылу жолдары» атты топтық кеңес берілді. Қатысқан оқушы саны – 178.

11 сынып оқушыларына «Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі» атты тренинг сабақ өткізілді.

Желтоқсан айында 2-4 сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Диагностикаға 118 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесі бойынша төмен деңгей көрсеткен оқушылармен түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Пәндік олимпиадаға қатысушы оқушылармен «Сенімділік – серігім» атты тренинг өткізілді. Тренингке 22 оқушы қатысты.

1 сынып оқушыларын әлеуметтік ортаға бейімдеу мақсатында «Біз біргеміз» атты тренинг жүргізілді.

5 сынып оқушыларын орта буынға бейімдеу мақсатында «Өз бойында сенімділік қалыптастыру» атты тренинг өткізілді.

11 сынып оқушыларының психологиялық дайындық дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Стрессіз өмір!» атты тренинг жүргізілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағытында 5-6 сынып оқушыларына «Өзіңді эмоционалды тұрғыда сақтаудың 10 ережесі» атты топтық кеңес, 8-9 сынып оқушыларына «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» атты тренинг өткізілді. Қатысқан оқушы саны – 137.

Қаңтар айында «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау» тест-сұрақшасы 5-9 сыныптар арасында жүргізілді. Диагностикаға 187 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға жеке және топтық кеңестер беріліп, ата-аналар жиналысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беру мақсатында 9, 11 сынып оқушыларынан «Д.Голландтың кәсіби-тұлғалық типін анықтау» тестісі, «Голомшток әдістемесі бойынша қызығушылық картасы» сауалнамасы алынды. Диагностикаға 55 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесімен оқушыларға таныстырылым жасалып, кеңестер берілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағытында 5-6 сыныптарға «Реніштен арылу» атты және 8 сынып оқушыларына «Ой, сезім, мінез-құлық» атты тренинг сабақтар өткізілді. Қатысқан оқушы саны – 102.

11 сынып оқушыларына «Өзіңе сен! Сен жеңіске жетесің!» және ата-аналарға арналған «Ата-анамның қолдауы, арманымның орындалуы» атты тренингтер жүргізіліп, «Емтихандарға және ҰБТ-ге дайындалуға көмек» жадынамасы таратылды.

Ақпан айында қабілеті жоғары оқушылармен «Жанам деген жүрекке от берейік» атты тренинг жүргізілді. Тренингке 19 оқушы қатысты.

Үлгермеуші оқушыларды психологиялық тұрғыдан қолдау мақсатында «Өзіндік бағаны тепе-теңдікке әкелуге арналған» ойын, жаттығулар өтілді.

11 сынып оқушыларына ҰБТ – ге және мемлекеттік емтиханға психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында «Бойдағы қорқынышты төмендету» атты және оқушыларға мамандық туралы кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында «Мамандық – өмір таңдауы» атты тренинг өтілді. Қорытындылай келе оқушылардың мамандықтан қателеспейу туралы түсінік қалыптасты.

Педагог-психолог



Абдулла Қ.А